БАСТЫ ТАҚЫРЫП:

ЖИын АРҚАУЫ – ЦИФРЛАНДЫРУ ЖОСПАРЫ

12+

3 бетте

2026 жыл / 10 ақпан / сейсенбі / №15 (19855)

«Қостанай таңы» қоғамдық саяси газеті 1922 жылдың 25 маусымынан шыға бастады

Qostanai tañy

kostanaytany.kz e-mail: kostanaytany@mail.ru

Б.КӨРКЕМБАЕВ

Аманқарағайдың көнерген вокзалы бүгін мүлде басқа кейіпке енген. Кезінде талай жолаушыны шығарып салған ескі ғимарат енді заман талабына сай жаңарып отыр. Вокзал облыс әкімі Құмар Ақсақаловтың жұмыс сапары барысында көпшілікке таныстырылды.

ЕСКІ ВОКЗАЛДЫҢ ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ

Сералы МЫРЗАБАЙ

Қазақстанның транзиттік әлеуетін күшейтуге арналған ауқымды жобалар аясында вокзал ғимараты толық күрделі жөндеуден өтті. Бұл жұмыстар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша жүзеге асырылып, өңір инфрақұрылымының дамуына қосылған үлес.

«Республика бойынша 125 вокзал жөндеу көруі керек, оған біздің облыстан 6 вокзал да еніп отыр. Олар: Қостанай, Рудный, Арқалық қалаларындағы және Тобыл кенті мен Әулиекөл ауданындағы Құсмұрын, Аманқарағай бекеттері. Президент нақты тапсырма беріп, қажетті қаржы бөлінді. Соның нәтижесінде негізгі теміржол вокзалдары кезең-кезеңімен жаңартылып, ретке келтіріп жатырмыз. Халыққа қолайлы жағдай жасалып жатыр. Қостанай-Алматы бағытындағы №43 пойыздың вагондары жаңартылды, «Тальго» пойызы іске қосылды, ал Арқалық бағытында жұмыстар жалғасады. Жалпы, қолға алынған шаруалардың нәтижесін тұрғындар көзімен көріп, оң өзгерістерді сезінеді деп сенемін», – деді Құмар Ақсақалов.

Айта кетейік, вокзал өткен ғасырдың 60-шы жылдары салынған. Ғимараттың жалпы ауданы бұрын 403,4 шаршы метр болса, жаңғыртылудан кейін 435 шаршы метрге дейін ұлғайтылды.

2-бет

ЖИЫРМА ШАҢЫРАҚТЫҢ ШАТТЫҒЫ

2 бетте

«ТОРҒАЙ ӨҢІРІНІҢ ДАМУЫ...»

5 бетте

«МІРДІҢ ОҒЫ» САХНАДА

6 бетте

РУХАНИ СЕРПІН БЕРДІ...

8 бетте

Жиырма шаңырақтың шаттығы

«Үй» деп үмітін үкілеген әулиекөлдіктер қуанышқа кенелді. Мемлекеттің қолдауы аясында салынған баспанадан 24 отбасыға пәтер бұйырып отыр. Жаңа үйге су да, газ да кіріп тұр, тұрғындарға жайлы әрі заманауи жағдай жасалған.

Сералы МЫРЗАБАЙ

Гагарин көшесінде орналасқан коммуналдық тұрғын үй әлеуметтік осал топтарға беріліп отыр. Жобаны жүзеге асыру үшін «Елорда Инвест Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалып, құрылыс мерзімінде тапсырылды.

Ауданға жұмыс сапарында облыс әкімі Құмар Ақсақалов жаңа қоныс иелерінің қуанышына ортақтасып, пәтер кілттерін табыстады. Салтанатты рәсімде өңір басшысы бұл бастаманың әлеуметтік маңызын айрықшалап айтты.

«Мемлекет басшысы тұрғын үй құрылысы саласына ерекше назар аударады. Облысымызда тұрғын үй құрылысының көлемі жыл сайын көбейіп келеді. Бұл өңірлердің өмір сүру мен еңбек етуге деген тартымдылығын арттырады. 2025 жылы 500 мың шаршы метр тұрғын үй салуды жоспарлаған едік. Алайда жоспарды асыра орындадық, жыл қорытындысы бойынша 517,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, оның ішінде 63,7 мың шаршы метрі – ауылдарда. Осылайша 5,4 мыңнан астам отбасы баспанамен қамтылды. Жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін облыстың барлық өңірінде «Қостанай жастары» бағдарламасы жүзеге асырылуда», – деді Құмар Ақсақалов.

Жобаның жалпы құны 356,3 млн теңге. Оның ішінде 331 млн теңге облыс бюджетінен, ал 25,3 млн теңге аудан қазынасынан бөлінді. Сонымен қатар инженерлік инфрақұрылымды жүргізуге жергілікті бюджет есебінен 27 млн теңге бағытталды.

«Үш қабатты, екі дәліздің тұратын тұрғын үйдің жалпы ауданы 1228,8 шаршы метр. Барлығы 24 пәтер. Оның ішінде бір бөлмелі 9 және екі бөлмелі 15 пәтер бар. Тұрғын үй заманауи талаптарға сәйкес, барлық қажетті инженерлік желілермен қамтамасыз етілген. Бұрыннан бос тұрған ғимарат еді. Біз толық жөндеу жұмыстарын алты ай ішінде атқарып бітірдік», – дейді мердігер серіктестіктің директоры Мағжан Жаңабаев.

Пәтерлер «Отбасы банк» акционерлік қоғамы арқылы Бірыңғай республикалық кезекшілер базасында тіркелген азаматтарға берілді. Былтыр 15 желтоқсан мен 2026 жылғы 26 қаңтар аралығында 45 азаматқа SMS-хабарлама жолданып, нәтижесінде 20 азамат оң шешімге ие болған. Олардың қатарында I және II топтағы мүгедектігі бар азаматтар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар, толық емес және көпбалалы отбасылар бар. Қазіргі таңда қалған төрт пәтерді бөлу жұмыстары жалғасуда.

Жаңа қоныстанушылар атынан сөз сөйлеген көпбалалы ана Гүлсара Сарина мемлекет тарапынан көрсетілген қолдауға ризашылығын білдірді.

«Мен 2019 жылдан бері баспана кезегінде тұрдым. Бес баланың анасымын. Бүгін пәтерімізге қол жеткізіп, ерекше қуанышқа бөленіп отырмыз. Бұл – біздің балаларымыздың болашағы үшін үлкен қолдау. Осындай мүмкіндік жасаған мемлекетке ризашылығымды білдіремін», – деді ол.

Жаңа тұрғын үйдің пайдалануға берілуі әлеуметтік осал санаттағы азаматтардың тұрғын үй мәселесін шешуге жәрдемдесіп қана қоймай, ауданның әлеуметтік дамуына да оң ықпалын тигізеді. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан мұндай қолдау алдағы уақытта да жалғасын табады.

Суреттерді түсірген – Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ
Әулиекөл ауданы

Ескі вокзалдың екінші тынысы

1-бет

Бұл өзгеріс нысанның мүмкіндігін арттырып, жолаушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартпақ.

«Вокзал бір қабатты. Тәулігіне жөнелтілетін жолаушылар саны – 55 адам. Жалпы жаңғырту жұмыстарына 500 млн теңгеден аса қаржы жұмсалды. Жүргізілген жұмыстардың тізімі ауқымды. Яғни, шатыр ауыстырылып, сыртқы және ішкі әрлеу ісі, инженерлік жүйелер жаңартылды. Жұмыс кестесінен ауытқулар болмады, техникалық қадағалаудан елеулі ескертулер түскен жоқ», – дейді «Сервисталь» ЖШС директоры Ербол Шәкібаев.

Мердігер ұйым басшысының айтуынша, жаңғыртылған вокзалда келушілерге арналған заманауи әжетханалар, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған арнайы санитарлық тораптар және ана мен бала бөлмесі пайда болған.

Аманқарағай вокзалында 1981 жылы алғаш жұмысқа тұрып, сол жерден құрметті зейнет жасына шыққан Қазиза Құсайынова да салтанатты сәтте жылы лезібін білдірді.

«Алғаш жұмысымды осы жерден бастап едім. Отыз жылдан аса қызмет істеп, 2011 жылы зейнетке шықтым. Өздеріңіз білесіздер, ғимарат осы уақытқа дейін жөндеуді қажет етіп келіп еді. Енді, міне, толық жаңғыртылып отыр. Жұмысты атқарған азаматтарға, облыс әкіміне алғыс айтамын. Бұл – халыққа ең қажетті ғимараттың бірі. Бүгінде жаңа кейіпке еніп, адам танымастай өзгерді. Қосымша келушілерге жағдай да жасалды. Ауданымыз осылай дами берсін», – дейді теміржол саласының ардагері Қазиза Құсайынова.

Теміржолды ел дамуының маңызды тірегі деуге болады. Жолаушыға да, жүк тасымалы үшін де ең тиімді транспорт саналып тұр. Аманқарағай вокзалының жаңғыртылуы – өңір инфрақұрылымын дамытуға бағытталған нақты қадам. Бұл жоба жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартып, ауданның әлеуметтік-экономикалық өрлеуіне де оң әсерін тигізері анық.

Суретті түсірген – Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ
Әулиекөл ауданы

ЖИын арқауы – цифрландыру жоспары

Жандос ЖҮСІПБЕК

Цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамыту – болашақтың емес, бүгіннің міндеті. Өңір нақты нәтижелермен және жүйелі жоспарымен алдыңғы қатардан көрінуге тиіс. Инфрақұрылымнан бастап, IT-экожүйеге дейінгі кешенді қадамдар стратегиялық басымдыққа айналуы керек. Облыс әкімі Құмар Ақсақаловтың қатысуымен өткен жиында осы сала терең қаузалып, қадау-қадау тапсырмалар берілді.

Мемлекет басшысы 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект» жылы деп жариялады. Өйткені бұл үрдіс – жаңа технологиялар төрге озған дәуірде өркениетті ел болып қалыптасудың бірден-бір жолы. Қазақстан осы бағытты жедел жетілдіріп те жатыр. Ал Қостанай облысын заманауи цифрлық өңірлер қатарында десек, қате айтпаймыз. Оған өткен жылдың деректері айғақ бола алады. Жиында мәлім етілген ақпаратқа сүйенсек, өңірде қазірдің өзінде 340 IT-компания жұмыс істеп тұр. Былтыр олардан 650 млн теңге көлемінде салық түскен. Бұл алдыңғы жылдан 30 пайыз артық көрсеткіш.

«Мұнымен қоса, IT-қызмет экспорты да ұлғайып келеді: өңір компаниялары сыртқы нарыққа цифрлық өнімдер жеткізу ауқымын кеңейте түсті, – деді Құмар Ақсақалов. – Сондай-ақ өнеркәсіпті цифрландыру ісі де белсенді дамып жатыр. 2025 жылы автозауыттарда, тау-кен және машина жасау кәсіпорындарында 101 өнеркәсіптік робот қойылды, ал қазір 145 робот іске қосылған. Оларды пайдалану еңбек өнімділігін және өнім сапасын мейлінше арттыра түседі».

Цифрлық экожүйе құру – қисынды қадам

Былтыр цифрландыру саласындағы маңызды құжаттар әзірленген-ді Атап айтқанда, Қостанай облысын цифрлық трансформациялау тұжырымдамасы және «Ақылды» қалаларды құру стратегиясы пысықталды. Осы құжаттар аясында, биыл жоспарлы жұмыс индустриялық-аграрлық өңіріміздің ерекшеліктері ескеріле отырып жүргізіледі. Бұл жөнінде облыстық Ақпараттандыру, мемлекеттік қызмет көрсету және архивтер басқармасының басшысы Азамат Қашиев кеңінен баяндады.

«Біз экономиканың нақты секторларын – өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, ТКШ, энергетика және көлік-логистика инфрақұрылымын цифрландыруға екпін саламыз. Сонымен бірге денсаулық сақтау және білім беру салаларына баса назар аударылады. Басты мақсат – цифрлық технологияларды енгізе отырып, облыс экономикасын көтеру және шашыраңқы IT-шешімдерден өңірдің бірыңғай цифрлық экожүйесіне көшу. Бұл – жекелеген жоблардың жиынтығы емес, біртекті, өзара байланысы бар экожүйе. Оның бір тармағы – байланыс, интернет, дата-орталықтар, есептегіш қуат түріндегі инфрақұрылым. Ол барлық цифрлық шешімнің ауқымы мен орнықтылығын қамсыздандырады», – деді Азамат Қашиев.

Экожүйенің инфрақұрылымнан бөлек те бірнеше деңгейі бар. Соның бірі — GovTech. Бұл ақпараттық жүйе, мемлекеттік деректер базасы және оларды бірыңғай контурдағы біріктірілімі. Осы арқылы сараптамалық негіз, ведомствоаралық әрекеттестік және басқару процесіне ЖИ енгізу мүмкіндігі пайда болады. Ал ұсынылып отырған үшінші элемент – IT кластер. Бұған IT-парк, IT-хабтар, бағдарламалау мектептері және адами капиталды, стартап-ортаны қалыптастыратын білім беру жобалары және қолданбалы технологиялық шешімдер кіреді.

«Экожүйенің соңғы элементі – мемлекеттік қызметтер. Тұрғындар және бизнес үшін қызметтерге жедел қолжетімділікті қамтамасыз ететін бұл цифрлық порталдар мен мобильдік қосымшалар өте қолайлы. Ешқандай басы артық әкімшілік кедергілерді қажет етпейді. Осылайша, инфрақұрылым, GovTech, IT кластер және мемлекеттік қызметтер біртекті жүйе ретінде жұмыс істеуі керек. Бірін-бірі күшейтіп, нәтижесінде тұрғындардың өмір сапасын және өңір экономикасының тиімділігін арттыруға тиіс», – дейді басқарма басшысы.

Цифрлық трансформацияның басты базасы, әлбетте, байланыс инфрақұрылымы саналады. Былтыр облыс бюджеті есебінен 44 ауылдық елді мекенде антенна-мачта құрылғысы орнатылған. Соның арқасында 14 мыңдай тұрғын жылдамдығы жоғары интернетпен қамтылды. Биыл бұл қатарға 51 ауыл қосылмақ.

«Бұған қоса спутниктік технология қолданылып жатыр. 34 шағын ауыл OneWeb жүйесі арқылы ортақ интернетке қосылды. 41 елді мекеннің мемлекеттік мекемелеріне Starlink құрылғысы орнатылды. Биыл шекара шебіндегі, шалғайдағы, қатынасы қиын ауылдарда Amazon Kuiper және SpaceMobile сынды баламалы спутниктерді қосу жоспарда бар. Сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп, облыстың 300 ауылына талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жұмыстары басталды. Жүзеге асыру мерзімі – 2026-2027 жылдар», – дейді Азамат Қашиев.

Ол өңірлік ситуациялық орталық құру ұсынысын айтты. Облыста бүгінде «109» байланыс орталықтары, салалық ақпараттық жүйелер және мемлекеттік деректер базалары арқылы жинақталған ауқымды деректер қоры бар. Ал болашақ орталық аталған жүйелерден, Smart Data Ukimet платформасынан және өзге де дереккөздерден келіп түсетін ақпаратты шоғырландыруға, бірыңғай «деректер көлін» қалыптастыруға, сондай-ақ талдау, болжау және басқарушылық шешімдерді қолдауға арналған ЖИ-ассистенттерді енгізуге жол ашады.

QostanaiHub – қозғаушы күш

Мемлекет басшысының тапсырмасымен құрылған QostanaiHub өңірдің IT-экожүйесін дамытуға, IT-кәсіпкерлікті қолдауға және адами капиталды қалыптастыруға қызмет етіп келеді. Сондықтан мұны білім беру алаңы деп қана қабылдау аздық етеді. Бұл – стартаптар пайда болып, жұмыс орындары құрылып, нақты секторлар үшін цифрлық шешімдер енгізілетін экономикалық өсім нүктесі. Құрылғалы атқарылған жұмыс нәтижелерімен хаб жетекшісі Дамир Мінайдаров таныстырды.

«Екі жыл ішінде 155 стартапқа қолдау көрсетіліп, олардың 10-ы AstanaHub резиденті атанды. Стартаптар 325 мың доллар инвестиция тартты. Былтыр 13 IT-компания тіркеуде болса, биыл олардың саны 25-ке жетті. Тағы әлеуетті 90 резидентпен жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл өңірлік экожүйеге деген бизнес сенімінің өскенін, хаб жұмысының ықпалдылығын көрсетеді», – дейді ол.

Ол елеулі стартаптар туралы да ақпар бере кетті. Мәселен, «Aitomaton» ЖИ-компаниясы 150 мың доллар тартып, 5 млн долларға бағаланған. Агродрондар өндіріп, ауыл шаруашылығын цифрландыруға бағытталған «Top Drone» компаниясы осынша сомада инвестиция түсірген. Ал зертханалық сатыпалымды оңтайландырумен айналысатын «EpiQ AI» стартапы елордада өткен «AI Science Hackathon 2025» сынында жеңімпаз атаныпты. Осы сияқты халықаралық деңгейге аты шыққан IT-компаниялар көбейіп келеді.

«Биыл «Qostanai Hub Battle», «Qostanai Digital Awards» іс-шараларын өткізуді жоспарлап отырмыз. Мұнда жыл стартапы, жылдың үздік IT-экспортшысы, үздік ЖИ-шешім иелері анықталады. Республикалық, халықаралық алаңдарда бәсекеге түсіп, әлеуетімізді сынға салуды да жоспарлап отырмыз. Біз облысты цифрланған озық өңірге айналдыруға үлесімізді қоса бермекпіз», – дейді Дамир Мінайдаров.

Аз мерзімге көп міндет

Биылдан қалмай, облыс экономикасы, бизнес саласы және өңір тұрғындары цифрландыру іс-шараларының нақты нәтижесін көруге тиіс. Осы жөнінен жетекші өңірлер қатарынан табылуға күш-жігерді жұмылдыру керек. Бұл – облыс әкімі міндеттеп отырған тапсырма.

«Аппарат басшысы 1 ай мерзімі ішінде облыстың салалық басқармаларына цифрлық орынбасарлар (CDO) тағайындау қажет. Қостанай облысы осындай модельді жергілікті атқарушы органдар деңгейінде енгізіп отырған алғашқы өңірлердің бірі болуға тиіс. Цифрландыру мен жасанды интеллект көрсеткіштерін басқарма басшылары мен әкімдердің жеке KPI көрсеткіштеріне енгізу мүмкіндігін қарастырсын», – деді Құмар Ақсақалов.

Ол Ақпараттандыру басқармасына бір апталық мерзімде IT-стартаптарды дамытуға, жастар бастамаларын, білім беру және R&D жобаларын қолдауға бағытталған, жалпы аумағы кемінде 5 мың шаршы метр болатын IT-парк тұжырымдамасын енгізуді тапсырды. Сондай-ақ екі апталық мерзімде байланыс орталықтарынан, салалық ақпараттық жүйелерден және мемлекеттік деректер базаларынан ақпаратты шоғырландыратын, басқарушылық шешімдерді талдау мен қолдауға арналған ЖИ-ассистенттерді енгізуді көздейтін облыстық өңірлік ситуациялық орталықтың тұжырымдамасын әзірлеп, ұсынуды міндеттеді. Бұған қоса, А.Байтұрсынұлы атындағы өңірлік университетпен бірлесіп, бір айлық мерзімде Францияның Tomorrow School халықаралық жасанды интеллект мектебін ашу жұмыстарын аяқтауға пәрмен берді.

«Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына ақпараттандыру басқармасымен бірлесіп, бір ай мерзімде деректерді өңдеу орталықтарын салу үшін инвесторларға қолайлы жағдайлар жасау мәселесін пысықталсын. Бұл технологиялық компанияларға Қостанай облысын дата-орталықтарды орналастыратын ең тартымды алаң ретінде қарастыруына мүмкіндік береді», – деді облыс әкімі.

Өңір басшысы барлық басқарма басшылары мен аудан-қала әкімдеріне де бірқатар тапсырма беріп отыр. Соның ең негізгісі – апта ішінде Цифрландыру және жасанды интеллект жылына арналған іс-шаралар жоспарына ұсыныс әзірлеу. Бұл Ақпараттандыру басқармасына жүктеледі.

«Биылғы барлық іс-шара – цифрландыру аясында өткізілуге тиіс, – деді Құмар Іргебайұлы. – Бір айлық мерзімде осы жылға экономиканың нақты секторында, оның ішінде ауыл шаруашылығы, ТКШ, өнеркәсіп, көлік және энергетика салаларында ЖИ-дің озық, соның ішінде халықаралық технологияларын енгізу бойынша кемінде бес пилоттық жобаны айқындап, оларды маған бекітуге ұсыныңыздар. Аудан-қала әкімдеріне «ақылды» қалаларды дамыту стратегиясының іске асырылуын, белгіленген көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етіп, аталған жұмысты жеке бақылауға алу тапсырылады».

Мұның сыртында ол облыс әкімдігі өңір экономикасының салаларында цифрлық және ЖИ шешімдерін енгізу бойынша бизнес пен IT-компаниялардан ашық бастамалар қабылдайтынын жариялады. Оларды өңірдің цифрлық трансформациясының серіктестері болуға шақырды. «Бүгінгі ақылды шешімдер – ертеңгі тұрақты экономика» деп ой түйіндеді әкім. Осы тапсырмаларды іске асыру нәтижесі Цифрлық штабта қаралатынын ескертті.

Суреттерді түсірген – Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ

Жеті өңірдің Жетістігі

Қуатты өңір – шуақты өмір кепілі. Мемлекет басшысының экономиканы еңселендіру, ауыл шаруашылығын алға бастыру, инфрақұрылымды дамыту және халықтың өмір сапасын арттыру жөніндегі тапсырмалары астықты өңірде жемісті жүзеге асып келеді. Оны өткен жылдың жетістіктерінен анық көреміз. Назарларыңызға таяуда ҚІА зауытында өткен жиынның жалғасын ұсынып отырмыз.

Жандос ЖҮСІПБЕК



Аудандар ахуалы оңала түсті

2025 жылдың даму қорытындыларын жариялауға арналған отырыста облыс әкімінің орынбасары Арман Әбенов жеті өңірде – Алтынсарин, Қарабалық, Қамысты, Майлин, Қарасу аудандары мен Рудный, Лисаков қалаларында атқарылған жұмыстарға тоқталған еді. Аталмыш аудан-қалада іске асқан ілкімді жобалар туралы ақпарат берген-ді. Ол шолу жасаған алғашқы өңір – Алтынсарин ауданы. Мұнда экономиканың тірек салалары жыл санап еселене түскен. Айталық, ауыл шаруашылығы саласында инвестициялық жобалар қарқынды іске асу үстінде.

«Былтыр қараша айында Басбек ауылында 500 басқа арналған сүттауар фермасы пайдалануға берілді. Жоба құны – 3,5 млрд теңге. Жылына 3,2 мың тонна сүт өндіретін фермада 22 жаңа жұмыс орны ашылды. Ал желтоқсан айында Большой Чураков ауылында «Ахметов Т.Б.» шаруа қожалығы 400 басқа арналған сүт фермасын іске қосты. Құны 3,6 млрд теңге болатын жоба 26 адамды тұрақты жұмыспен қамтыды. Обаған ауылында «Дукас-2020» ЖШС қолға алған осындай жоба биыл жыл соңына дейін іске қосылып, тағы 25 жұмыс орны ашылады», – деді Арман Әбенов.

Бұл ауданның туристік әлеуеті де дамып келеді. Өткен жылы жаңадан «Green House» демалыс аймағы пайдалануға берілді. Құны – 150 млн теңге. Сондай-ақ мемлекеттік қолдау арқылы «Деревенька в бору» базасында «Бүршіктер» аталатын демалыс орны ашылды. Бұған 60 млн теңге жұмсалған.

Әлеуметтік саладағы көрсеткіштер де өскен. 20 жаңа тұрғын үй салынып, 3,2 мың шаршы метр баспана пайдалануға берілді. Сумен қамту саласында құны 2,9 млрд теңге болатын ірі жобалар аяқталып, аудан халқы 100 пайыз таза ауыз суға қол жеткізді. Жол инфрақұрылымында да айтарлықтай жұмыстар атқарылып, облыстық және аудандық маңызы бар жолдар жөнделді.

«Ал Қарабалық ауданында агроөнеркәсіп кешенінде үш ірі инвестициялық жоба іске асырылды. Олардың қатарында Новотроицк ауылындағы 600 басқа арналған сүт фермасы, Қарабалық кентіндегі «KARNELL» ЖШС-нің құрама жем өндіріс кешені және Надеждин ауылында «Терра» ЖШС-не тиесілі ет-сүйек ұнын өндіру цехы бар. Сондай-ақ «Трейд Петролеум» ЖШС 500 млн теңгеге автобөлшектер станциясын ашты», – деді Арман Тарғынұлы.

Михаилов, Боскөл, Лесной, Станционный ауылдарында су құбыры желілері салынып, «үйге су жеткізу» көрсеткіші 91 пайызға жетті. 18 пәтерлі баспана пайдалануға берілді. Республикалық М-36 тас жолының 37 шақырымы жөнделіп, ауылішілік жолдар жаңғыртылды.

Аудан орталығында қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару жүйесі енгізіліп, балалар мен жастарға арналған жаңа футбол алаңы салынды. Білім беру және денсаулық сақтау салаларында да нысандар жаңартылып, Тоғызақ, Станционный ауылдарында жаңа фельдшерлік-акушерлік пункттер бой көтерді.

«Қамысты ауданында 2025 жылы 8 инвестициялық жоба қолданысқа енді. Оның ішінде ауыл шаруашылығы мен шағын бизнесті дамытуға басымдық берілді. 20 екі пәтерлі тұрғын үй салынып, жыл қорытындысында 4 200 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Жергілікті кәсіпкерлер де 12 тұрғын үй тұрғызды. Сумен жабдықтау жоспары 100 пайыз орындалды. Жол жөндеу жұмыстары да кең көлемде жүргізіліп, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың жалпы ұзындығы 40 шақырымнан асты», – деп баяндамасын сабақтады ол.

Оның мәліметінше, Қамысты ауылында «Атамекен» жаңа саябағы, 6 балалар алаңы салынып, жаңадан тротуарлар төселіп, 4 габион орнатылған. Құны 50 млн болатын Ардагерлер үйінің құрылысы аяқталды. Алтынсарин ауылында ашық хоккей корты, аудан орталығында «Арғымақ» ипподромы пайда болды. Білім беру, денсаулық сақтау және спорт салаларында бірқатар ірі нысандар пайдалануға беріліп, ауданның әлеуметтік келбеті айтарлықтай жақсара түскен.

Бейімбет Майлин ауданында да «тұсауы кесілген» ауқымды жобалар жетерлік. Былтыр жалпы құны 8,5 млрд теңге болатын екі инвестициялық жоба аяқталған. Ең ауқымдысы – қуаты 22,6 МВт болатын күн электр станциясы. Алдағы жылдары жалпы құны 54,5 млрд теңге тұратын тағы бес жоба жүзеге асырылады. Олар – көлік-логистика кешені, вагон жөндеу депосы, 800 басқа арналған сүт-тауар фермасы және балық шаруашылығы кәсіпорны.

«Инфрақұрылым саласында Тобыл кентіндегі вокзал ғимараты жаңғыртылды. Әйет ауылында 12 тұрғын үй салынып, Николаев, Асенкритов ауылдарына су құбыры тартылды. Ауданда 40,2 шақырым жол жөнделді. Новильинов ауылында ФАП, Әйетте спорт кешені пайдалануға берілді», – деп ақпарат берді Арман Әбенов.

Ал Қарасу ауданында жол бойындағы сервиске инвестиция тартылып, жаңа жанармай құю станциясы ашылды. «Трейд Петролеум» ЖШС ашқан ілеспе тауарлар дүкені мен кафетерийі бар станция Октябрь кентінде пайда болып отыр. Көп жыл бойы жосықсыз мердігерлер кесірінен шешімін таппай келген су құбыры мәселесі реттеліп, 1 500-ден астам аула орталық су жүйесіне қосылды. Су тасқынынан зардап шеккен «Қарасу–Қостанай» жолы қалпына келтіріліп, аудан мен облыс орталығы арасындағы тікелей байланыс қамтамасыз етілді. Облыстық маңызы бар «Қойбағар-Қарасу-Севастополь» жолын жөндеу жалғасып жатыр. Ол биыл тамызда аяқталмақ.

«Люблин ауылында 106 млн теңгеге екі қабатты ғимарат жаңғыртылды. Оның астында ФАП, үстіңгі қабатында 2 пәтер және 15 орындық жатақхана орналасады. Жалғысхан ауылында меициналық пункт құрылысы аяқталды. «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында Қарасу ауылында 409,7 млн теңгеге спорт кешені салынды», – деді Арман Тарғынұлы.

Моноқалалардың мүмкіндігі молайды

Рудный қаласында да жемісті аяқталған жобалар көп. 12 инвестжоба іске асырылып, 231 жаңа жұмыс орны ашылды. Қалада құрылыс материалдары, қалдықтарды қайта йцөңдеу және қызмет көрсету салалары дамыды.

«Алдағы жылдары қуаты жылына 2 млн тонна болатын ыстық брикеттелген темір зауыты бой түземек. Бұл – 650 млрд теңгелік, мың жұмыс орны ашылатын стратегиялық жоба. «QazaqGaz Onimderi» ЖШС сұйытылған табиғи газ өндіретін зауыт салуды қолға алды. Қазір қаржыландыру мәселесі пысықталып жатыр. Бұдан басқа, Железорудный станциясының вокзалы 645,5 млн теңгеге жаңғыртудан өтті. 17 шақырымнан астам жылу желісі жөнделіп, тозығы жеткен құбырлар айтарлықтай азайды», – деп баяндады ол.

Кеншілер кентіндегі су желілерінің тозуы да еселеп төмендеді. «Қаратомар-Қашар» су құбыры учаскелерін қалпына келтіру жоспары аясында, «Сокол» қосалқы станциясы аумағынан Ульянов ауылы дейін 15 км желі салынды. Бұл осы учаскедегі құбыр тозығын 97,5%-дан 41,3%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Тағы бір міндет – қаладағы бос тұрған барлық үйді кәдеге жаратып, қалыпқа келтіру. Соңғы үш жылда 16 көп пәтерлі үй жаңғыртылып, жөнделген. Былтыр 55 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліпті. Сондай-ақ Рундыйда «Келешек мектептері» жобасы аясында 1200 орындық, «Жайлы мектеп» жобасы аясында 900 орындық мектеп ашылды. Бұған қоса 280 орынға шақталған «Іңкәрім» атты жаңа балабақша есігін айқара ашты.

«Жеке инвестор есебінен Рудный қалалық көп бейінді аурухана базасында салынып жатқан жаңа диализ орталығының құрылысы аяқталуға жақын қалды. Ол іске қосылса, қаладағы бүйрек науқасы бар пациенттерді толық қамтуға мүмкіндік туады», – деп отыр Арман Әбенов.

Бұдан бөлек, 2025 жылы 11-ші шағын аудан аумағында екі бірдей дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталды. Оларға 1,3 млрд теңге жұмсалған.

Лисаков қаласының экономикалық әлеуетін арттыра түсетін үш инвестициялық жоба іске асып жатыр. Үшеуінің жалпы сомасы 73,5 теңгеге шақ. Болашақта 650 жаңа жұмыс орны құрылады деп жоспарланып отыр.

«Ірі жобалардың бірі – темір қалдықтарын қайта өңдейтін заманауи зауыт. Құны – 36,3 млрд теңге. Мұнда 500 жұмыс орны ашылады деген болжам бар. Сондай-ақ күнбағыс пен рапсты өңдейтін май экстракциялау зауыты салынады. 33,7 млрд теңге құйылатын өндіріс орны жүз адамды жұмыспен қамтымақ. Мұның сыртында 3,5 млрд теңгеге полимерлі пленка өндірісін іске қосу жобасы қолға алынды», – деп таныстырды облыс әкімінің орынбасары.

Арман Тарғынұлы қалада су құбыры желілері жаңартылып, жол инфрақұрылымы жақсара түскенін айтты. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында саябақтар, аулалар, балалар және спорт алаңдары абаттандырылған. Әлеуметтік нысандар жөнделіп, спорт кешендері ашылды.

Осылайша, 2025 жылы Қостанай облысының әр өңірінде нақты нәтижелерге қол жеткізіліп, экономикалық өсім мен халықтың тұрмыс сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жемісті аяқталған. Мұны отырысты қорытындылаған облыс әкімі Құмар Ақсақалов та тілге тиек етті.

«Көріп отырғандарыңыздай, өңірлердің әрқайсысы облыстың дамуына елеулі үлесін қосты. Соның арқасында біз экономиканың белгілі бір деңгейде өсуін қамтамасыз еттік. Былтыр экономиканың негізгі салаларында оң серпін қалыптасты, әлеуметтік инфрақұрылым нығайып, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл көрсеткіштер – мемлекеттік саясаттың өңірлік деңгейде жүйелі іске асуының айғағы. Мемлекет Басшысы атап өткендей, «Әділетті Қазақстан – әр өңірден, әр ауылдан, әр азаматтың өмірінен басталады». Осы жолда Қостанай облысы ел жаңғыруына өз үлесін қоса береді деп сенемін», – деп жиынды қорытындылады өңір басшысы.

Ол сөз соңында елде болып жатқан саяси реформа жөнінде де пікір білдіре өтті. Барша қостанайлықты жаңа Конституция жобасын қолдауға, ел арасына түсіндіруге, ұлттың болашағы үшін ауызбірлікті тағы бір мәрте дәлелдеуге шақырды.

Суретті түсірген – Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ

Гүлмира Ұзаққызы:

«Торғай өңірінің дамуы – елдік мүддеге айналып отыр»

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Шалғайдағы Жангелдин ауданы 2025 жылды қалай қорытындылады және алдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының жоспары қандай? Біз осы орайда аудан әкімінің экономика мәселесі бойынша орынбасары Гүлмира Ұзаққызымен сұхбаттасқан едік.

– Гүлмира Ұзаққызы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту - елдің әлеуметтік-экономикалық саясатындағы басым бағыттардың бірі екені белгілі. Әңгімеңізді осы саладан бастап өрбітсеңіз...

– Иә, дұрыс айтасыз. Бұл саланы дамыту арқылы экономиканың тұрақтылығы мен әртараптандырылуы қамтамасыз етіліп, жаңа жұмыс орындары құрылады, халықтың табысы өседі және жергілікті өнім өндіру дамиды. Осы тұрғыдан алғанда, шағын және орта кәсіпкерлік тек экономикалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік маңызы зор сектор болып табылады. Өткен жылы ауданымызда 13 жаңа жұмыс орны ашылып, 5 жаңа кәсіпкерлік нысаны іске қосылды. Жалпы инвестиция көлемі 285 миллион теңгеге жетті. Осы жылы екі қоғамдық тамақтану орны — «Аяла» кафесі мен «Тұмар» мейрамханасы өз қызметін бастады. «Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту» бағдарламасы аясында Ұлттық жобаның мемлекеттік грант конкурсының жеңімпазы бір көпсалалы өнер орталығын іске қосты. Сонымен қатар, 20 орындық қонақ үйі мен «Береке» азық-түлік дүкені ашылды. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба аясында жұмыссыздықты төмендету, жаңа бизнес идеяны жүзеге асыру үшін әлеуметтік осал топтар қатарына жататын тоғыз азаматқа 14 миллион теңге грант берілді. Олар ірі-қара мал шаруашылығы мен балық шаруашылығын дамытып, шағын қонақ үй қызметі, жұмсақ жиһаз өндіретін шағын цех, сапалы саман кірпішін шығару, кондитерлік өнімдер пісіру, өзіне-өзі қызмет көрсететін автокөлік жуу орнын ашатын болады.

– Ауыл шаруашылығы саласының өркендеуі – елдің өркендеуі. Бұл мәселеге Президентіміз аса мән беріп отыр. Аталған сала қызметкерлері өткен жылды қалай қорытындылады?

– Иә, қазір Торғайдың дамуы – елдік мүддеге айналып отыр. Бұған мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Торғай өңірін дамытуға бағытталған бағдарлама әзірлеу туралы үкіметке тапсырма бергені үлкен серпін болды. Былтыр ауыл шаруашылығы саласында 14 миллиард 779 миллион 500 мың теңгенің өнімі өндірілді. Аудан шаруа қожалықтары ауыл шаруашылығы техникаларын жаңартуға жақсы бетбұрыс жасап келеді. Бұл ретте мемлекеттік «Жеңілдікті лизинг», «Қазақстанда жасалған» және «Өз жем-шөбім» бағдарламалары тиімді болып отыр. Жыл басынан бері аталған бағдарламалар аясында 4 комбайн, 12 фронталды жүк тиегіш, 1 экскаватор, 37 дана дөңгелекті тракторлар сатылып алынды. Техникалардың барлық сатылып алынған құны 1 миллиард 42 миллион теңгені құрайды. Оның ішінде шаруа қожалықтарының өз қаражаттарына сатып алынған 21 дана техникасының құны 270 миллион теңгені түзді, қалған ауыл шаруашылығы және арнайы техника 772 миллион теңге сомаға лизинг бағдарламасы арқылы алынды.

– Инфрақұрылым жақсармайынша елдің тұрмысы да елеулі түрде жақсармайтыны анық. Осы маңызды мәселені шешу мақсатында қандай шаралар қолға алынды? Айталық, жол инфрақұрылымына қатысты проблемалар қалай реттеліп жатыр?

– Жангелдин ауданындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 395,8 шақырым. Былтыр автомобиль жолдарының 123,4 шақырымына және 13,66 шақырым көше жолдарына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, Сарысу ауылына кіреберіс жолдың бір шақырымы, Қалам-Қарасу ауылындағы 0,7 км және Сужарған ауылдарының 0,95 км жолдары асфальт жабындысымен қамтылды. Жөндеу жұмыстарын жүргізуге 175 млнн теңге қаржы бөлінді. Аудан тұрғындары жолдардың сапасын жақсартатын бұл шараларды қуанышпен қарсы алып отыр. Жаңартылған жолдар ауыларалық қатынасты жеңілдетіп, қауіпсіздікті арттырады деп күтілуде. Шұбалаң-Ахмет Байтұрсынұлы ауылының автомобиль жолының 50 км учаскесін орташа жөндеу жұмыстары 2024-2025 жылдарға жоспарланған болатын. Нысанның жалпы құны 1,2 млрд теңге. Қазіргі таңда аталған жолдың жөндеу жұмыстары аяқталды. «Тоқанай-Саға-Алтынсары» бағытындағы автомобиль жолының 15-34 км учаскесінде орташа жөндеу жұмыстары 575 млн 958 мың теңгеге жүргізілді. Сонымен қатар, Саға-Бидайық жолының 39 км учаскесін жөндеу жұмыстары 276 миллион теңгеге жүргізілді. Аралбай ауылының 5 көшесі 93 миллион 969 мың теңгеге, Көкалат ауылының 2 көшесі 76 миллион теңгеге орташа жөндеуден өтті. Тәуіш ауылының 5 көшесіне 81,2 миллион теңгеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, асфальт жабындысы төселді. Сонымен қатар, Қызбел ауылдық округінде Саға ауылының 5 көшесіне және Бидайық ауылының 1 көшесіне 449 миллион теңгеге асфальт жабындысы төселді. Аудан орталығы Торғай ауылында 144 миллион теңгеге 5 шақырым жаяу жүргіншілерге арналған асфальт жабындысы жабылған тротуар салынды. Сонымен қатар, 5 көшеге 102,3 миллион теңгеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жалпы алғанда ауыл көшелері мен аудандық маңызы бар жолдардың жөндеуіне басымдық беріліп, яғни жол инфрақұрылымын дамытуға 2025 жылы 3 миллиард 900 миллион теңге бағытталды. Оның ішінде 6 елді мекенде 23 көше жөндеуден өтті.

– Сумен қамту мәселелеріне де тоқталсақ. Елді мекен тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары қалай жүргізіліп жатқаны маңызды. Өткен жылы Тәуіш ауылында су тапшылығы туындап, бұл мәселе ел назарына іліккен болатын...

– Аудан бойынша 12 елді мекенде 9 265 адам орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілген. Бұл аудан халқының 88 пайызын құрайды.

Сонымен қатар, екі елді мекенде 425 адам магистралдық су жүйесі арқылы ауыз суды тазалап беретін су тарату пункттері арқылы қамтылған. Алты елді мекенде 771 адам немесе халықтың 7,7 пайызы су тарату қондырғылары арқылы ауыз сумен қамтамасыз етілуде. Ағымдағы жылы Шеген ауылында орталықтандырылған су жүйесінің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, Тәуіш ауылын сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Аталған нысандардың жалпы құны 654 миллион теңгені құрайды. Бұдан бөлек, Шилі ауылын сумен қамту мақсатында арнайы мемлекеттік қордан қаражат бөлініп, жобаның құны 400 миллион теңге болды. Нысан былтыр 26 қарашада іске қосылды.

– Жарықтандыру және байланыс жүйелерін қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар қалай жүзеге асырылып жатыр?

– Облыстық бюджет есебінен Саға және Бидайық ауылдарына көше шамдары орнатылды. Жалпы, қазіргі таңда елді мекендерді көше жарығымен қамтамасыз ету 92%-ке жетіп отыр. Дегенмен, әлі де толық қамтылмаған елді мекендер бар. Осы мақсатта 169 млн 600 мың теңгеге техникалық құжаттар әзірленіп, алдағы кезеңнің жұмыс жоспарына енгізілді. Елді мекендерді сапалы ұялы байланыспен қамтамасыз ету үшін Бидайық, Саға және Құмшық ауылдарында Beeline байланыс желісі арқылы 4G мобильді интернет орнатылды. Қазіргі уақытта ұялы байланыс мүлдем жоқ жалғыз елді мекен Милісай ауылы болып отыр. Байланыс сапасы төмен Сарысу ауылына өткен жылы жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптамадан өткізілді. Бұл жоба биыл іске асырылатын болады. Сонымен қатар, 2025 жылы Шеген ауылын жоғары жылдамдықты интернетпен қамту мақсатында талшықты-оптикалық байланыс желісі жүргізілді. Ал мобильді интернет жылдамдығы төмен Милісай және Шилі ауылдарында өткен жылдың қыркүйек айында Starlink спутниктік интернет жүйесі орнатылды. Атап айтқанда, Шилі ауылында 39 абонент, Милісай ауылында 38 абонент интернетке қосылды.

– Білім беру, мәдениет пен спорт салаларында да құрылыс жөндеу жұмыстары қамтылған болар...

– 2025 жылы Жангелдин ауданы мектептерін жаңа оқу жылына сапалы дайындау үшін бірнеше білім беретін ғимараттарды жөндеуге 151 миллион теңге бағытталды. Бұл қаржы негізінен мектептердің шатырын, жылу жүйесін, спорт залын, әжетханаларын жөндеуге және кешенді т.б ағымдағы жұмыстарға жұмсалды. Сонымен бірге, барлық мектеп асханаларына жыл сайынғы кезең-кезеңімен жүргізіліп келе жатқан асхана жабдықтары сатып алынды. Мұның сыртында 16 мектепке интерактивті тақта, Қаратүбек мектебіне робототехника кабинеті, М.Дулатов мектебіне физика кабинеті сатып алынды. Аталған жабдықтарды сатып алуға 42 миллион теңге жұмсалды. Торғай ауылында жабық хоккей корты жалпы құны 239 миллион теңгеге салынды. Нысанның құрылыс жұмыс-тары аяқталды. Қабылдау құжаттары рәсімделуде. Аққөл ауылында 10 млн теңгеге шағын футбол алаңы салынды. Сонымен қатар, «Қазақстан халқына» қоры есебінен Тәуіш ауылына спорт-зал құрылысы жүргізілуде.

Мәдениет саласы бойынша Бидайық ауылындағы М.Дулатұлы музейіне 20 миллион теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары, 22,3 миллион теңгеге реэкспозиция жұмыстары, одан бөлек күмбез орнату жұмыстары жүргізілді. М.Дулатұлының кесенесіне демеушілердің есебінен ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілсе, Шақшақ Жәнібек музейі 36,3 миллион теңге бюджет қаржысына ағымдағы жөндеу жұмыстарымен қамтылды.

– Гүлмира Ұзаққызы, сұхбатымызды қорытындылай келе алдағы жоспарлар туралы да әңгімелеп берсеңіз.

– Биыл аудан бюджеті 2 млрд 157 млн 638 мың теңге көлемінде бекітілді. Ағымдағы жылы бюджетті нақтылау аясында облыстық бюджеттен қосымша қаражат бөлуге қатысты сұраныстар ұсынып жатырмыз. Бұл сұраныстар оң шешімін тапқан жағдайда, аудан көлемінде бірқатар маңызды жұмыстарды атқару жоспарланып отыр. Атап айтқанда, ауылдық елді мекендер көшелеріне щебень төсеу және орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында 8 елді мекендегі 24 көше бойынша техникалық құжаттама әзірленді. Аталған жұмыстардың жалпы құны 582 513,6 мың теңгені құрайды. Барлық құжаттар ведомстволық сараптамадан өтіп, оң қорытынды алынған. Сонымен қатар, ауданаралық автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеуден өткізу бойынша 2 349 009,2 мың теңге көлемінде техникалық құжаттама дайындалып, ведомстволық тексерудің оң қорытындысы алынды. Бұдан бөлек, ұзындығы 55 км болатын Шеген-Ақшығанақ және Ақшығанақтан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі 18 км автомобиль жолдары бойынша барлық қажетті құжаттар 2025 жылдың желтоқсан айының соңында толық дайындалып, 2026 жылғы 8 қаңтардан бастап Қостанай облысы әкімдігінің №6 қаулысына сәйкес республикалық коммуналдық меншікке берілді.

Торғай ауылында Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің спорт залына жапсарлас құрылыс салу мақсатында жобалау-сметалық құжаттама (ЖСҚ) әзірленеді. Бұл мақсатқа 33 млн теңге қарастырылған. Аталған нысанның құрылыс жұмыстары 2027 жылы басталып, оған 650 млн теңге бөліну жоспарланып отыр. Тәуіш ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт (ФАП) салу үшін 24 млн теңгеге ЖСҚ жасалады. Құрылыс жұмыстары биыл басталып, оған 216 млн теңге қаржы қарастырылады. Ақшығанақ ауылында ФАП салу бойынша ЖСҚ 2027 жылы әзірленіп, оған 24 млн теңге бөлінеді. Сол жылы құрылыс жұмыстары басталып, 216 млн теңге көлемінде қаржы жұмсалмақ. Көкалат ауылында ФАП салуға арналған жобалау-сметалық құжаттама 2027 жылы 15 млн теңгеге дайындалады. Ал құрылыс жұмыстары 2028 жылы басталып, оған 165 млн теңге бөліну көзделген. Сонымен қатар, Торғай ауылында 3 автокөлікке арналған өрт сөндіру депосы кешенін салу жоспарлануда. Бұл нысанның құрылысына 2027 жылы 560 млн теңге қаражат бөлу қарастырылған.

– Әңгімеңізге рахмет. Ұлылар туған мекен гүлдене берсін!

Суретті түсірген – автор
Жангелдин ауданы

Көркемсөз шеберлері бақ сынасты

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалық қалалық Мәдениет сарайының қолдауымен ақиық ақын М. Мақатаевтың 95 жылдығына арналған «Поэзия патшасы – Мұқағали» атты көркемсөз шеберлері байқауы айшықталды. Қалалық байқауды «Абадан» әдеби - көркемөнер үйірмесі ұйымдастырды. Байқауға өңірден 32 үміткер қатысып, шеберліктерін сынға салды.

«Мұқағали – бір дәуірдің емес, бір халықтың жүрегінде өмір сүріп келе жатқан ақын. Оның өлеңдері – сағыныштан туған сыр, шындықтан жаралған шежіре. Ақынның сөзі – халықтың үні. Ал, сол үнді бүгінгі таңда жаңғыртатын – көркемсөздің жас шеберлері», – дейді іс- шараны ұйымдастырушылар.

Байқау барысында ақиық ақынның өнегелі өмірі, даналығы, рухани асыл-мұралары кеңінен насихатталды. Қазылар алқасы да сайыстың әділ өтуіне күштерін салып, әр жүйріктің лайықты бағасын берді.

Сайыс мәресінде А.Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясының жас ұстазы Ләззат Кендірбекова үздіктерден үздік шығып, бірінші орынды жеңіп алды. Дала өлкесі тарихи облыстық музейінен Ақбота Алдамжарова, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университетінен Ғибрат Меңдібаев екінші орынды, «Абадан» әдеби - көркемөнер үйірмесінен Аружан Ғалымжан, Ы.Алтынсарин атындағы гимназиясынан Нұрдана Тұрысбек, Әлисұлтан Карбозов үшінші орынды иеленді.

Аталымдар бойынша М.Мақатаев атындағы арнайы жүлдемен Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университетінен Ақгүлім Қонысбек, «Көрермен көзайымы» – Думан Елубай, «Жас дарын» – Аружан Тұрсынбай марапатталды.

Арқалық қаласы

«Мірдің оғы» сахнада

Жерлесіміз, белгілі жазушы, сатирик С. Кенжеахметұлы атындағы республикалық «Мірдің оғы» әзіл-сықақ театрлары байқауының 2025 жылғы жеңімпазы, «Тобыл-Торғай» өңірінің мақтанышы, «Мірдің оғы» әзіл-сықақ театры қалың көпшілікке «Біздің әзіл...» атты кезекті әзіл кешін ұсынды.



Кеш барысында сатира сардары Сейіт Кенжеахметұлының «Айтылмайтын әңгіме», «Текті ауру», сондай-ақ танымал сықақшылар Нұрлыбек Жұбатқанның «Үйлену», Бауыржан Орданың «Тіс дәрігері» атты интермедия-қойылымдары сахналанып, көрермендерге ой саларлық сатира, шынайы күлкі сыйлады. Әрбір қойылымда өмірден алынған бейнелі көріністер, қоғамдағы кемшіліктер мен адам мінезі астарлы әзіл арқылы шебер бейнелене білді.

Әсіресе, кештің көркін қыздырған ерекше сәттердің бірі «Мірдің оғы» әзіл – сықақ театрынан түлеп шыққан арқалықтық «Абадан» және денисовкілік «Түйемойнақ» әзіл-сықақ театрларының арнайы қонақ ретінде шақырылып, бір сахнада бас қосуы кештің шырайын келтіре түсті. Бұл – сатира мен әзіл өнерінің сабақтастығын, шығармашылық байланыс пен достықты айқындай түскен жарқын көрініс еді.

Көрермен күлкіге қарық болып қана қоймай, әр қойылымнан терең ой түйіп, сатираның тәрбиелік, әлеуметтік маңызын тағы бір мәрте сезінгендей болды. Қысқасы, өнерлі ұжымның шығармашылық кеші – қазақ сатирасының өміршеңдігін, өңірлік театрлардың ұлы өнер алдындағы әлеуетін айқын көрсеткен мазмұнды мәдени іс-шара болды деуге толық негіз бар.

«Сатира – қоғамдағы кемшіліктерді, адам мінезіндегі оғаш қылықтарды, жалқаулықты, даңғойлықты күлкі мен әжуа арқылы әшкерелейтін өнер түрі. Сондықтан, біздің басты ұстанымымыз – қоғамдағы өзекті мәселелерді әзіл мен астарлы ой арқылы көрерменге жеткізу. Іс-шараның жақсы деңгейде өтуіне қолдау білдірген аудан басшылығына зор алғысымызды білдіреміз», – дейді өнерді жанына серік еткен жандар.

М.БЕКЕТҰЛЫ
Жангелдин ауданы

Тәуелсіздік тағылымы: тарих пен рух үндестігі

Л. Толстой атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Тәуелсіздік тұғыры: тарих, тұлға, тағылым» атты мазмұнды көрме көпшілік назарына ұсынылды.

Егемен елдің жүріп өткен жолын жүйелі түрде танытатын бұл мәдени бастама аясында құнды тарихи деректер мен тәуелсіздік жылдарындағы зерттеу еңбектер топтастырылған. Тағылымды іс-шараның ашылу салтанатына зиялы қауым өкілдері, мәдениет саласының қызметкерлері және жастар қатысты.

Биыл Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 35 жыл толып отыр. Осы айтулы датаға орай ұйымдастырылған іс-шаралар легі дәстүрге сай облыстық кітапханадан бастау алып, мазмұнды көрмемен өрбіді.

«Тәуелсіздікке жету жолы халқымыз үшін жеңіл болған жоқ. Бұл күрестің бастауы Алаш арыстарының қызметімен тығыз байланысты. Олар ел болашағы үшін бар ғұмырын сарп етіп, ұлттық мүддені бәрінен биік қойды», – дейді Қазақстан Жазушылар одағының Қостанай облыстық филиалының төрағасы Жанұзақ Аязбеков.

Көрме экспозициясында егемен мемлекеттің қалыптасуына ықпал еткен тарихи кезеңдер кеңінен қамтылған. Оқырмандарға кітапхана қорынан іріктелген 100-ден астам кітап ұсынылып отыр.

«Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік қауымдастықтан өз орнын алды. Бұл халқымыздың сан ғасырлық арманының жүзеге асуы. Осы 35 жыл ішінде ел бірлік пен тұрақтылықты сақтай отырып, мызғымас мемлекет құра алды. Қоғамдық келісім мен татулық – біздің басты құндылығымыз», – дейді Қостанай облыстық мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Саят Жүсіпов.

Көрме төрт мазмұндық бөлімге бөлінген. Алғашқы бөлімде тәуелсіз Қазақстанның құрылу тарихы қамтылса, екінші бағытта егемендік жылдарындағы тарихи үдерістерді сипаттайтын заманауи еңбектер топтастырылған. Ал рухани мұра мен жас ұрпаққа арналған әдебиеттер көрменің үшінші және төртінші бөлімдерінде орын алған.

«Бұл жобаны дайындауға бірнеше ай уақытымыз кетті. Маңызды тарихи кезеңдерді, елеулі оқиғаларды бір кеңістікте ұсынуды мақсат еттік. Сонымен қатар еліміздің халықаралық деңгейдегі орны мен сыртқы байланыстары да назарға алынды. Көрмеге университет оқытушылары, студенттер, қаламгерлер арнайы шақырылды. Экспозиция жыл бойы жаңа деректермен толықтырылып отырады», – дейді Л.Толстой атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының сектор меңгерушісі Ботагөз Бекболатова.

Нұрдана ТАҒАЙМҰРАТОВА,
ҚӨУ студенті

Рухани орда

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» бағдарламасында туған өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс деп атап көрсетілген. Ол төл тарихымыздың қай дәуіріне болсын тән ізгілік, биік рух, болашаққа сенім тәрізді қасиеттермен үндесіп жатыр. Қарасу ауданының Қойбағар елді мекенінде есігін айқара ашқан Әріпханұлы Шәмші ишан намазханасының ашылуы тек жаңа ғимараттың пайдалануға берілуі ғана емес, сонымен қатар ата-бабамыздан келе жатқан ислам дәстүрінің, рухани сабақтастықтың жалғасы. Осы елде тұрған Шәмші ишанның есімі ел ішінде діни білімді, тақуалықты, халыққа қызмет етуді насихаттаған тұлға ретінде құрметпен аталады. Намазхананың осы кісінің атымен аталуы соның айқын дәлелі.

Намазхана Шәмші ишанның немересі Серік Әшімұлының үлесімен салынды. Бұған дейін елдімекенде мұндай ғибадат орны болмағандықтан, ашылу рәсімі тарихи оқиғаға айналды. Рухани орданың салтанатты ашылуында ишанның немересі Мұхамедқан Қасымқанұлы сөз алып, Марал баба ұрпақтарының Қазақстан мен шетелде тұратынын атап өтті. Ол Шәмші ишанның есімінің ел ішінде діни білім мен халыққа қызмет ету жолында құрметпен аталып жүргенін жеткізді.

«Мен Марал баба ұрпағымын, Алматыдан арнайы келіп сіздермен қауышқаныма өзімді бақытты санаймын. Марал баба ұрпақтары Қазақстанның түкпір-түкпірінде, Өзбекстанда, Тәжікстанда, Ресейде тұрып жатыр. Жер шалғай болғандықтан бүгінгі қуанышты сәтке келе алмады, сіздерге дұғай-дұғай сәлем айтып жатыр. Әйгілі әулие заманында үш жүздің пірі атанған Марал ишан Құрманұлы ұрпақтарының арасынан отызға жуық ишан шыққан. Олар бір жарым ғасырдан астам уақыт қазақ еліне қызмет етті. Қармақшы жағынан Сүлеймен, Мұсайыпхан, Қауыс, Әмит ишандар, ал Тобыл аймағындағы өмір сүрген Жүнісхан, Шәмші сол ишандардың соңы. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасына дейін ұмыр кешкен дара қасиет иелері. Имандылық ордасы елді береке-бірлікке шақыратын, тәрбиеге бастайтын, игі істерге мұрындық болатын орынға айналсын деген тілегім бар. Алла тағала осындай жақсылықтарда бас қосуға нәсіп етсін!, – деді асқан толғаныспен Мұхамедқан Омар.

Бұдан кейін Шәмші ишан намазханасының лентасын қию құрметі немересі Серік Шәмшиевке бұйырды. Әулет үлкендері – Әбиев Шора, Мырзабек ақсақал, тоқсан жастағы Жаңыл апа, Үндемес ишан, Рақым ата, Докей ата ұрпақтары мен көпшілік жүрек түбінен шыққан ризашылығын білдірді. Демеушілер атынан «Құнарлылық» ЖШС басшысы Виктор Ковальскийдің қызы Наталья Викторовна баршаны құттықтап, бұл жер руханият, келісім мен бірліктің ордасы болсын деген тілегін айтты. Жиында сауапты іске қолдау көрсеткен ЖШС басшылары Виктор Ковальский («Құнарлылық»), Мерген Құдайбергенов («Қойбағар элеваторы»), Пернебек Ертаев («Талды-Қ»), Батыржан Қадырбеков («Кадал») және Қойбағар, Амангелді, Әулиекөл, Дүзбай, Құсмұрын, Аманқарағай ауылдарының тұрғындары сый-құрметке бөленіп, Алғыс хаттар мен сый-сияпаттарға ие болды.

Ишанның келіні Салиха Сапабекқызы атасы Шәмші туралы былай еске алады:

«Атам ерте кезден адамгершілікке, балалар тәрбиесіне мән беретін, намаз бен тарауықты оқытатын. Құдалауға ұшырап, бір уақыт Өзбекстанға кеткен, бірақ қауіптен елге оралды. Құсмұрында он жыл, ал 1970 жылы Қойбағарға қоныс аудардық.

Шәмші атам өте білімді, бірнеше тілді білетін. Қазалыда алты айлық фельдшерлік курс та оқыған. Үйде арабша кітаптар бар еді, кейін кейбірі жоғалды, оларды қазақшаға аударып, адамдарға түсіндіретін. Үйіне көп адам келетін. Бізге ақылын айтып, шариғатты үйретететін. Атамның үйінде емдік заттар, бала пішетін қайрақ, екі түрлі ұстара болған. Милиция келгенде біз сыртта болып, ешкім жоқ деп айтатынбыз.

1957-58 жылдары Ташкенттен немере ағасы Сейітхан, Қармақшыдан үлкен кісілер, Свободныйдан Жүнісхан мен Әмит ишандар соңғы рет келді. Шәмші атам 67 жасында қайтыс болды. Өсиетіне сәйкес оны ата-бабасы жатқан Құмдыағашқа жерледік», – дейді Салиха Сапабекқызы.

Жиын соңында Шәмші ишанның немересі Серік Әшімұлы да көпшілікке қуаныштарын бөлісіп, келгендері үшін алғыс білдірді.

«Бүгін мен үшін өмірімдегі ең қуанышты күн. Бұрын біз Қойбағар ауылында осы намазхана орналасқан жерде тұрдық, өсіп-өндік. Шәмші атам мешіт ашуды армандаған еді, ал мен оның арманын жүзеге асырдым. Алланың қалауымен және халықтың қолдауымен 100 адамға арналған ғибадат орнымыз бой көтерді. Бұл жолда Қойбағар кәсіпкерлерінің, әсіресе, діні басқа болса да, жүрегі бір Виктор Федоровичтің ерекше көмегін атап өткім келеді. Елдің барлық азаматтары, тіпті кішкентай балалары да кірпіш пен су тасуға ат салысты. Атамның атындағы намазхананы Сәбит Табельдинов басқаратын бригада салды. Осы бес жыл ішінде олар әрдайым басы-қасында болып, сауапты істің ойдағыдай аяқталуына зор үлес қосты. Намазхананың құрылыс жұмыстары мен құжаттарын дайындауда Балшай Жапарова, Күләйза Табельдинова, Аягөз Уксумбаевалар да елеулі еңбек етті. Қойбағар халқының барлығына шексіз алғысымды білдіремін», - деді Серік Шамшиев.

Жұмакүл ХАКІМЖАНҚЫЗЫ

Суретте солдан оңға қарай: Шәмші ишан немересі Серік Шамшиев, намазхананы салған Сәбит Табельдинов, Әмит ишан немересі Мұхамедқан Омар. Суретті ұсынған Серік ШАМШИЕВ

Қосымша арқылы қадағаланады

Сералы МЫРЗАБАЙ

Елімізде 2026 жыл цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланды. Бұл бастама мемлекеттік органдардың жұмысында жаңа технологияларды енгізудің маңызды қадамы болып отыр. Әсіресе, пробация қызметіндегі өзгерістер ерекше назар аудартады. Қылмыстық-атқару жүйесінің маңызды бөлігі болып саналатын пробация қызметі енді цифрлық құралдардың көмегімен тиімдірек жұмыс істей бастамақ. Осының арқасында есепте тұрған тұлғаларды бақылау және олардың қоғамға қайта оралуы жеңілдей түседі.

Пробация қызметінің қызметкерлеріне арналған жаңа мобильді қосымша – «Цифрлық қадағалау» енгізілді. Бұл қосымша есепте тұрған адамдарды бақылаудың тиімділігін арттыруға арналған. Қосымшаның көмегімен қызметкерлер аудио және видео байланысты жүзеге асыра алады, олардың деректерін тіркеп сақтайды.

«Сондай-ақ, пайдаланушылардың қозғалысын нақты уақыт режимінде бақылауға, биометриялық идентификацияны қолдануға мүмкіндік бар. Жеке және топтық чаттар арқылы байланыс орнатылады, ал геоаймақ шегінен шығу немесе ойын-сауық орындарын (мысалы, барлар, түнгі клубтар) келу кезінде автоматты хабарламалар келеді. Бұл функциялар пробацияның негізгі мақсатын – қылмыстың қайталануын болдырмау және тұлғаларды әлеуметтік қолдауды күшейтеді», – дейді Қостанай облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің баспасөз қызметі, әділет подполковнигі Динара Камбарова.

2025 жылда IV тоқсанда жер учаскелерін алған тұлғалар тізімі

№	Жер пайдаланушының атауы	Жер учаскесін беру негіздемесі	Жер учаскесінің нысаналық мақсаты	Жер учаскесінің ауданы	Жер учаскесінің орналасқан жері	Құқық түрі	Жалдау мерзімі
1	«НТС-2020» ЖШС	2025 жылғы 1 қазандағы № 284 Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы	Балочное кен орнының (3-блок, С1 санаты) кірпіш саздарын өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыру үшін	8,2086	Қостанай облысы, Қостанай қаласы, «Жұлдыз» бағбандық қоғамының ауданы	Уақытша өтемді ұзақ мерзімді жер пайдалану	2041 жылғы 29 қарашаға дейін
2	Жеке кәсіпкер «Дракон-Сервис» Черепаха А. А.	2025 жылғы 26 қарашадағы № 348 Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы	Дракон» кен орнында шегінді жыныстарды (құмды) өндіру үшін	24,5	Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Құсмұрын кенті (елді мекен шегінен тыс)	Уақытша өтемді ұзақ мерзімді жер пайдалану	2035 жылғы 23 маусымға дейін

Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 90

МЕНШІК ИЕСІ

«Қостанай таңы» газеті редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор Кенжеш ОРАЗҒАЛИҚЫЗЫ

Директор-Бас редактор қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-Бас редактордың орынбасары: 54-84-44
Шеф-редактор: 54-67-65
Тілшілер: 54-79-68, 54-28-42
Жарнама бөлімі: 54-33-22
Бухгалтерия: 54-99-88
МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Арқалықта: 7-30-79, 8-701-323-54-91
Амангелдіде: 8-700-725-98-09
Жангелдинде: 8-701-323-54-91

Беттеуші-дизайнер: Нұрсұлу Алмат.

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Редакция оқырман хатына жауап бермейді және оны қайтармайды.

А-4 форматта үш беттен асатын материалды қабылдамайды.

«Қостанай таңында» жарияланған материалды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет аптасына үш рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 22.11.2018 жылы тіркеліп, **№17374-Г** куәлігі берілді.

«Қостанай таңы» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Офсеттік басылым. «**Полиграфия Қостанай**» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі №16. Бағасы келісім бойынша.

Нөмірдің кезекші редакторы: Қарлығаш ОСПАНОВА **Тапсырыс:** 180 **Таралымы:** 4855

Кітап оқылды, рухани серпін берді, үздіктер марапатталды

Байқау жеңімпазы Жансая білімпаз қатар спортқа да ден қойған

Айбек ЖҮЗБАЙ

Жансая Сәлімгерейқызы білімпаз, ізденімпаздығымен ерекшеленген жан. Әсіресе, тарихты сүйіп оқиды. Қостанайдағы Ғафу Қайырбеков атындағы мектептің оқушысы Қазақстан тарихынан олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді. Бұл жолы «ОқыЖәнеЖең» онлайн байқауының төртінші кезеңінде топ жарды.

«Тарихи аңыз әңгімелерді бала кезімнен тыңдап өстім. Бұл құштарлық жанымды тарихқа жетеледі. Қол боста волейбол, теннис ойнағанды жақсы көремін», – дейді Жансая.

IQostanay балалар шығармашылық үйі осындай өз еңбегімен, талантымен, кітап оқуға деген шынайы сүйіспеншілігі мен парасаттылығын дәлелдеген жандарға толы болды. «Оқы Және Жең» онлайн байқауының төртінші кезеңі осындай жаңа талант иелерімен қортындыланды.

Іс-шараның басы-қасында жүрген ақын, Нұрқанат Құлабаев бұл кезеңге үш кітап алынғанын айтады.

«Жобаның осыдан екі жыл бұрын облыс әкімдігінің бастамасымен қолға алынғанын білесіздер. Президент кітап оқитын ұлт бастамасын көтерген болатын. Осы бастаманы жаңғырту Қостанайда тамаша жалғасын тапты. Еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін жобаға қатысуға мүмкіндік алды. Бұл жолы жобаға үш кітап таңдалды. Сәбит Мұқановтың Шоқан жайлы жазған диалогиясының бірінші томы мен Төлен Әбдіктің ұжымдастыру кезеңіне қатысты «Өлара» романы және Американың әлемге танымал жазушысы Кристи Ханнаның «Бұлбұл» романын қатысушылар сүйіспеншілікпен оқып шықты», – деді Нұрқанат Құлабаев.

Жобаның сарапшысы Александра Суслова келіп түскен оқырман қатысушылардың хатын тебірене оқып берді. Әсіресе, Әулиекөлдегі Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Мәдина Асанованың хаты ерекше әсер қалдырды. «Жалпы кітап оқу бала кезімнен бойыма сіңген қасиет. Абайдың өлеңдерін бала кезден жаттап өстім. Кейін апайым мәнерлеп оқуға үйретті», – дейді Мәдина.

Содан бері талай додалардан жүлдегер атанып жүр. Былтырғы Міржақып Дулатұлының мерейтойында да өнерін паш етті. Өзінің өнерімен қатар спортпен айналысуды да назардан тыс қалдырмаған. Өзіндей ақынжанды қызға Александра Суслова үшінші орынның жүлдесін алғашқы лекпен өз қолымен табыстады. Ынталандыру сыйлығына 25 мың теңгеден берілді. Кітапхана басшысы Сәния Серіккызы әр жас санаты бойынша екінші орын алған жеңімпаздардың жүлделерін үлестірді. Іс-шараның айрықша өтуіне табандылық танытқан әріптестерін марапаттады. Олардың қатарында ғұмырын осы салаға арнап келе жатқан Ботагөз Дүйсембаева да бар. Ботагөз Дүйсембаева Л.Толстой кітапханасында табысты жұмыс істеп келе жатыр. «Ақ қауырсын» әдеби клубының жетекшісі.

«Осы салада жүргеніме өзімді бақытты санаймын. Балаларға кітапты оқытып қана қоймай, өңіріміз бен одан шыққан тұлғалардың жарқын істерін ұрпақ санасында жаңғыр- тып келеміз. Үйірмеміз осыған бағытталған. Біздің бөлім Ы.Алтынсариннің 185 жылдығына арналған және Қостанай облысының 90 жылдығына арналған кітап көрмесін дайындап шықты. Осы «Оқы Және Жең» байқауы сондай жастардың қалыптасуына ықпалы зор», – дейді кітапханашы.

Байқауға атсалысқан азаматтарды Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Саят Жүсіпов марапаттады. Басқарма басшысының орынбасары «Қостанай таңы» газетінің бас редакторы Кенжеш Оразғалиқызына облыс әкімінің Алғыс хатын табыс етті.

Алғыс хат Л. Толстой атындағы облыстық кітапхана ұйымдастырған IV «ОқыЖәнеЖең» онлайн кітап оқу байқауын өткізуге көрсеткен ақпараттық қолдауы мен демеушілігі үшін берілді.

Саят Жүсіпов рухани құндылықтарды дәріптеу, кітап оқу мәдениетін дамыту және азаматтық жауапкершілікті арттыру бағытындағы бастамаларға үлес қосып келе жатқан тұлғаларға алғысын білдірді.

«Еліміздің мәдени өмірінде айтулы жаңалыққа айналған онлайн байқауы төртінші рет өз мәресіне жетті. Былтырғы білім бәйгесіне сегіз мың оқырман қатысып, жобаның ауқымы мен маңызын тағы да дәлелдеді. Бұл облысымызда кітап оқуды өмір салтына айналдырған үлкен оқырман қауым қалыптасқанын көрсетеді. Президентіміз кітап оқитын он елдің қатарына кіру талабын қойып отыр. Бұл біздің баршамызға міндет. Осы ретте Қостанай облысы үлгі көрсетіп, үнемі алда келе жатқанын айта кету парыз. Осы жобаға кірген үш аймақтың бірі де Қостанай облысы. Тобыл-Торғай – оқу-білімнің шырағы жағылған өлке. Жас толқынды білімге баулу жөнінде түрлі жобаларды сәтті жүзеге асыруымен де ерекшеленеді», – деді басқарма басшысының орынбасары.

Міне, бұл жоба аз уақыттың ішінде елдің мәдени өміріндегі маңызды айналып үлгерді. Келешекте де облыс тұрғындары арасында кітап оқушылардың санын санын ұлғайтуға, оқудың беделін көтеруге бағыттала түспек.

Суреттерді түсірген – Георгий ШАПОВАЛОВ

Ақын, Нұрқанат Құлабаев: «Мұндай байқау Қостанайдан өзге өңірде жоқ»

Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары байқаудың бас жүлделерін табыс етті

Облыстық кітапхана басшысы Сәния Серіккызы іс-шараға атсалысқан әріптестеріне сый-құрмет көрсертті

Публицист Александра Суслованың байқаудың екінші орын иегерлерін марапаттау сәтінен

2026 жыл Жасанды интеллект жылы деп жарияланды

Жылдың алғашқы марапаты көңілді кешке ұласты

Жеңімпаздар мен белсенділер